

## **ОБЖТЖЭО-ы психологиялық қызметінің 2019 жылғы жұмысына талдау**

**Психологиялық қызмет - білім беру ұйымдары құрлымының ажырамас бір бөлігі.**

**Мақсаты:** Білім кеңестігіндегі субъектінің максималды шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін ортаны жасау және қолдау. Психологиялық диагностиканы жүзеге асыру және түзету психологиялық жұмыстарын жүргізу, мектеп жасындағы балаларға осы жастағы жаңадан пайда болған психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, сонымен қатар олардың әлеуетін қолдану негізінде мүмкіндіктерін дамыту.

**Психологиялық көмек көрсетудегі негізгі міндеттер:**

- Үйірмедегі оқу үдерісінде балаға көмек көрсету үшін қосымша білім беру педагогтары мен психологтың күшін біріктіру, әлеуметтендіру.
- Қосымша білім беру мекемелеріндегі оқушылардың қызығушылығы мен талаптарын зерттеу.
- Қосымша білім беру педагогтарының құзыреттілік деңгейін көтеру.
- Оқушылардың өмірлік жоспарларын қалыптастырудағы көмекті және кәсіптік өзін-өзі анықтауды жүзеге асыру.

Үйірмешілерге жас ерекшеліктеріне қарай әртүрлі әдістер қолданылды. Оларға диагностикалық әдістемелер жүргізе отырып, олардың топтағы қарым-қатынас деңгейін, темперамент типтерін көрсетіп, өзін-өзі бағалауын анықтадым. Әдістеме оқушылардың психологиялық-педагогикалық міндеттеріне сәйкес бағытталып таңдалды.


### **Психологиялық қызметтің негізгі түрлері**

#### **I. Психодиагностикалық жұмыс**

**600 үйірме қатысушыларына топтық диагностика өткізілді.**


Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әртүрлі әдістер жүргізілді. Балаларға әдістеме өткізгеннен кейін, баланың эмоционалды-жеке сферасы, жеке тұлғаның акцентуация түрі, психофизиологиялық жағдайы, оның стресс-толеранттылығы, белсенділігі мен қарым-қатынас дағдылары анықталды.

### «Кактус» жобалау әдісіне сәйкес:



**Қорытынды:** Диагноз кезінде алынған мәліметтерді талдағаннан кейін келесі қорытынды жасалды: агрессия, импульсивтілік, эгоцентризм, мазасыздық деңгейі төмендеді. Балалар басқаларға ашық бола бастады, өзіне сенімді бола бастады. Алынған барлық мәліметтерді талдағаннан кейін мен туризм және өлкетану іс-шаралары балаларға пайдалы әсер етеді деген қорытындыға келдім.


### К.Леонгард пен Г.Шмишектің тест-сауалнама нәтижелері бойынша:



**Қорытынды:** Зерттеу нәтижесінде балаларда үш тип байқалады. Олар демонстрациялық тип (балалардың демонстрациялық мінез-құлқы, ұтқырлығы, байланысының жеңілдігі, көркемдігі), гипертимді (барлық жерде

көп шу шығарады, көшбасшылыққа ұмтылады және т.б.) және аффективті түрі (таңдану қабілеті сонымен қатар бақытқа, қуанышқа бөлену).

### **Басса Дарки тест-сауалнама нәтижелері бойынша:**



**Қорытынды:** диагноздың нәтижелері бойынша келесі қорытынды жасауға болады: вербальды агрессия рұқсат етілген норманың жоғарғы шегін көрсетеді. Бұл балалардағы жағымсыз сезімдерін жанжал, айқай және ауызша қорқыту, қарғыс арқылы білдіретінін болжайды.

### **II. Психологиялық-профилактикалық жұмыс**

Топтық сауалнама өткізілді - барлығы 1 130, оның ішінде: оқушылар - 600  
ата-аналар - 530

### **III. Жазғы лагерьде өткізілген сауалнама**

Қатысушылар: ауысым басында - 1715  
ауысым соңында - 1639